



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## МЕМЛЕКЕТТІҢ ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ЦИФРЛАНДЫРУ

**Еренбек Тілеуқабыл, Ермұрат Аман**

[tileukabyl7777@mail.ru](mailto:tileukabyl7777@mail.ru), [amanyermurat@mail.ru](mailto:amanyermurat@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Экономика факультеті, «Экономика» мамандығының 3 курс студенттері,

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шоқан Р.

Мемлекет басшысы 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында цифрландыру арқауы болып табылатын Үшінші жаңғыру туралы, цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендету қажеттілігін, және «коммуникацияның дамуы мен оптикалық-талшықты инфрақұрылымға жаппай қолжетімділікті қамтамасыз ету керек. Цифрлық индустрияны дамыту басқа барлық салаларға серпін береді» деп жариялады.

Елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, экономиканың әр секторын сандық жүйеде дамытудың алғышарттары әзірленді. Мемлекеттік ақпараттандырудың алдында яғни мемлекеттік қызметтерді көрсетуге тікелей және жанама түрде араласытын мемлекеттік органдардың базалық инфрақұрылымы мен ақпараттық жүйелері ретінде Қазақстан Республикасының «Электрондық Үкімет» құрылған болатын.

«Электрондық Үкімет» қызметін қолдану барысын талдайтын болсақ, 2017 жыл шілдеде 740-тан астам қызмет пен сервис электрондық түріне көшірілген, оның ішінде 83 мобильдік қызмет жүзеге асырылды. 2015 жылы веб-порталда электрондық нысанда көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны 36 миллионнан асқан, 2016 жылы бұл көрсеткіш 40 миллион құрады. 2017 жылғы мәлімет бойынша, тіркелген бірегей пайдаланушылардың саны 6,6 миллион адамға жеткен.

2017 жылға мәліметтер бойынша елде 349 халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс істеді. 2013 жылда «Электрондық Үкіметін» Call-орталық базасында 1414 – телефон нөмірімен бірыңғай байланыс орталығы құрылған болатын. Байланыс орталығына күніне кем дегенде 14 мыңнан астам шағым келіп түседі, жыл сайын осы шағымдардың жалпы санының орташасы 15 пайызға артуда. Сандық көрсеткіштердегі өзгерістер қызметтік операциялар үшін үлкен жүктеме болады, бұл қоңырау шалу мәселелеріне әкеліп, қызметтердің сапасының төмендеуіне әкеп соғады. Қоңыраудың көбі бір үлгідегі өтініштерді қамтиды, осы қызметтерді автоматты түрде өңделуі немесе өз-өзіне қызмет көрсету тәсіліне ауыстыруға болар еді.

Осы электрондық үкіметтің веб-порталында ашық үкімет алаңы ашылған болатын. 2017 жылы қазан айында болған жағдайға байланысты «ашық деректер» порталында 2376 деректер орналастырған болатын, 17132 нормативтік құқықтық актілер жобалары мен заң жобаларының нәтижелері талқыланып, 14928 бюджеттік құжат жарияланды.

Жеткізген нәтижелерге қарамастан, ашықтық, клиенттерге бағдарлану, белсенділік деңгейінің жеткіліксіз болуына байланысты өзекті проблема болып табылуда. Осылайша, мысалы, мемлекеттік органдар өзекті және талап етілген ашық деректер түріндегі қосымша құнды құру үшін пайдаланылуы мүмкін ақпаратты әлі де болса оны ашуда.

Мемлекеттік органдардың негізгі қызметі автоматтандыруда, бірақ да әлі толығымен автоматтандырылмаған басқа қызмет салаларда бар, толығымен ақпараттандырылумен қамтылмады деп айтуға болады. Сонымен қатар жаңа технологиялардың пайда болуына байланысты қазіргі қызметтерге қарағанда ол жоғарыда сапалы қызметтер әкеледі деп айтуға болады. Мысалы, үлкен деректер технологиясын қолдану онда халықтың қажеттіліктерін талдауда басқа көзқарастарға, қызмет көрсету сапасының жоғарлауына алып келеді [1].

Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену тек ЖІӨ дамыған елдердің деңгейіне жету емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық дамуда маңызды болып табылады, мысалы, денсаулық сақтау саласының көрсеткіштерін жақсарту тиіс, сонымен қатар халықтың өмір сүру ұзақтылығын, сапасын және халықтың денсаулығын жоғары деңгейде болуы тиіс.

Денсаулық сақтаудың цифрлық технологиялары осы алда болатын қиындықтарды шешуге өз үлесін қосатын болады: мысалы ауырудың алдын алуға бағытталған технологиялар, медициналық көмекке қол жетімділігі, медициналық қызметтердің сапасының жоғарлауы өз септігін тигізетін болады.

Денсаулық сақтау экономикалық белсенді жасты сақтау және еңбекке қабілетті етіп қоймай, сонымен қатар мемлекет халқының өмір сүру ұзақтылығын және де сапасына тікелей әсер етеді. Денсаулық сақтауды цифрландыру бұл медициналық қызмет сапасын жақсартады, сонымен қатар жылдамдылығын тездетеді және де жұмыс жасағанда қателіктің алдын алады, басқарушылықтың шешімді қабылдау сапасында жақсартатын болады.

Қазіргі дамыған мемлекеттерде іске асырылатын жобалар азаматтардың денсаулығын сақтау жүйесі туралы ақпараттарды жинау, өңдеу және деректермен алмасуды қамтамасыз етуге бағытталған негізгі мақсаты: әрбір адамның денсаулығын мониторингтеу мүмкінділігімен бірыңғай ақпараттық ортаны алу, алғанда денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін көбейту, медициналық қатердің алдын алу, арасында емделушімен оның денсаулығы жөніндегі ақпарат жүйесін құру.

2004 жылы Қазақстанда Ұлттық телемедициналық желісі құрылған болатын. 2016 жылдың соңына қарай ол 204 денсаулық сақтау объектісін біріктірген, біріктіру қызметін оңтайлы ұйымдастырудың жақсы жағы ол аудандық деңгейдегі медициналық ұйымдардың (144 аудандық және қалалық ауруханалар) қызметкерлері облыстық және республикалық ауруханалар мен орталықтардағы әріптестерінен кеңестер ала алатын болды. 2016 жылы 28060 телемедициналық кеңес өткізілген, кардиология бойынша – 4674 сеанс, пульмонология бойынша – 3666 сеанс, неврология бойынша – 2720 сеанс сұранысқа ие болды. 2004 жылдан бастап 2016 жылдар аралығында медициналық ұйымдардың емделушілері барлығы 133 мыңнан астам телемедициналық кеңес алды.

Бірақ та, денсаулық саласында толығымен цифрланбады және жұмыс көлемін көбейтетіндей, жұмыс сапасын жақсартатындай заманауи технологияларды пайдаланбайтын үлкен көлемді салалар бар болып табылады.

Ағымдағы жылы денсаулық сақтау саласында цифрландыруға назар аударылуда. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Батыс Қазақстан облысында қағазсыз медициналық құжаттамаға көшудің жоспарын ұсынылған. Сонымен қатар 1 сәуірден бастап, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Павлодар облыстарында және Алматы қаласында денсаулық сақтау ұйымдары қағазсыз денсаулық сақтауға ауысатын болады. 1 шілдеден бастап, бұл үрдіс Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Атырау облыстарын қамтиды. 1 қазаннан Астана қаласы, Алматы, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстары осы қатарға қосылып, құшақ-құшақ амбулаториялық карталардан, басқа да қағаз бен сияны қажет ететін құжаттамадан бас тартады.

Медициналық ақпараттық жүйелерді жақсартудың арқасында электронды паспорт қолданысқа еңбек, паспорттың көмегімен дәрігерлер науқастың денсаулығының толық жағдайын білуге және алдын-ала онлайн тіркелу арқылы емханадағы кезектер азаятын болады. Емшілерге барудың саны 3-тен 1-ге дейін азаймақ. Науқастар консультацияны, дәрігерден рецепті, еңбекке жарамсыздық парақтарын, зерттеулер (анализ) нәтижелерін үйден шықпай электронды поштамен, немесе сайттан ала салатын болады. Бұл алыстағы ауылда тұратын халықтар үшін қолайлылық туғызады.

Шетелдік тәжірибелерді қарастыратын болсақ, АҚШ-тың Индиана қаласында 2002 жылы жүрек ауруханасы ашылды, ол жерде 88 төсек орын, 32 Амбулаторлық бөлім, 4 операциялық бөлме, 6 жүрек қатер эксперимент бөлме, 1 жедел жүрек операция бөлмесі ашылған. Осы аурухананы ашу үшін 15 миллион доллар қаражат кетті. Бұл АҚШ тағы

бірінші цифрлық аурухана болып табылады, барлық жұмыстар қағазсыз, электронды түрде жұмыс жасайды. АҚШ Бирмингем қаласында 12,5 миллиард АҚШ долларын инвестициялауды жоспарлап отыр, олар 1000-нан астам компьютерді жабдықтайды және 290 төсек болатын цифрлық аурухананы салады. Электрондық ақпарат, сымсыз желі технологиясы арқылы науқастың деректерін автоматты түрде жинау, өңдеу және алу, науқастар интернет арқылы онлайн түрде ауруханаға тіркеліп төсек орын ала алады. Ауруханадағы әрбір науқаста денсаулық монитормен болады, егер де жағдай болған кезде дәрігерлер мен медбикелерді хабарласа аласа, нақты тұрған орныңыз туралы ақпарат бере аласыз [2].

Яғни, қызмет көрсету салаларын цифрландыру халыққа көп қолайлылық әкелмек:

1. Жұмыс сапасының артуына алып келеді
2. Жұмыс көлемі өсетін болады
3. Халықтардың қағаз бастылықтан бас тартатын болады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы - <http://mic.gov.kz>
2. Айқын газетасы - <https://aikyn.kz>

ӘОЖ: 330.88

### ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЦИФРЛАНДЫРУ ҮЛГІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Есболова Айгерім Сапарбайқызы, Нұржанова Жұлдызай Нұржанқызы  
[aygerim.esbolova@mail.ru](mailto:aygerim.esbolova@mail.ru), [nurzhanovaa99@mail.ru](mailto:nurzhanovaa99@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультетінің

Э-11 студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Н. Досмағанбетов

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына өз Жолдауын арнап, тәуелсіз Қазақстанның дамуының басты бағыттарын белгілеп келеді. Соның нәтижесінде егемен еліміз әрқашанда жаңа биіктерді бағындырып, бүгінгі күні «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдаған, ең дамыған 30 елдің қатарына жету мақсатын көздеген айбынды мемлекетке айналды. Енді осы ұлы мақсаттарға жетудің жаңа тарихи дәуірі басталды. Елбасымыз халыққа «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауын жариялап, өнеркәсіптік революция әлеміне бейімделудің және табысқа жетудің 10 міндетін атап көрсетті. Оның ішінде, ең алдымен индустрияландыруға, әсіресе кәсіпорындарды жаңғыртуға және цифрландыруға, кешенді ақпараттық-технологиялық платформаларды белсенді түрде енгізуге, «Ақылды технологиялар» арқылы аграрлық ғылымды дамытуға, көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыруға, құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізуге, қаржы секторын қайта жаңғыртуға айрықша назар аударылып отыр. Соның ішінде, ақпараттық экономикаға басты назар аударды [1].

Жалпы «ақпараттық экономика» дегеніміз не? Ақпараттық экономика – қоғамдық компьютерленген инновациялық интеллектуалды ұдайы өндіріс экономикасы (өндіріс, өнеркәсіп, жинақтау, ауысым, материалдық және рухани, жинақтау, айырбас, жиынтық қоғамдық өнімді оның материалды не рухани іске асырылған түрлерін тұтыну және тарату). Ақпараттық экономика қоғамдық өндірістің және тұтынушылықтың даму кезеңдерінің бірі болып табылады. ХХІ ші ғасырдың басында ақпараттық экономика әлеуметтік-шаруашылық құрылымдар қоғамдануының ең жоғары құрылымы болып және индустриалды даму дәуірінен кейінгі өнеркәсіпке негізделеді. Ақпараттық экономика жағдайында адам кертартпалық жұмыс күші мен кертартпалы-ой еңбегінен арыла отырып, шығармашылық